

8D017-Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау 8D01721(6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Тулебаева Айдынгүл Тойбазаровнаның «Сыр бойы ақын-жыраулары поэзиясындағы философиялық дүниетаным және педагогикалық көзқарастар» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензент, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Балтабаева Жаналик Клышевианың

ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сыйзу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1)диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен номірін көрсету);</p> <p>2)диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3)диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>1.1 Бұғынгі таңда жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сінірген және озық білімді игерген тұлғаны қалыптастыруда өз өлкесінің мәдениеті мен әдебиетін білудің мәні үлкен. Соған байланысты қазақ әдебиетінің құрамдас бөлігі ретінде казіргі заман талабына сай құндылықтарды қамтитын өнірлік қаламгерлердің әдеби шығармалары жастар тәрбиесінде маңызды рол атқаратындығы даусыз. Бұл тұрғыдан алғанда, Тулебаева Айдынгүл Тойбазаровнаның «Сыр бойы ақын-жыраулары поэзиясындағы философиялық дүниетаным және педагогикалық көзқарастар» тақырыбындағы зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №941 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасымен сабактас, сәйкес келеді.</p> <p>3) Диссертация 8D017-Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау 8D01721(6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті) бағытының білім беру бағдарламасы бойынша ұсынылған. Білім және ғылым саласындағы зерттеулер бағытына сәйкес орындалған. Диссертация тақырыбы ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі жағынан талапқа сай.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертация тақырыбы өзекті мәселеге құрылған. Зерттеу жұмысының ғылымға елеулі үлес қосатындығы және тақырыптың маңыздылығы ізденушінің көркем шығармалардың білім алушылардың дүниетанымын көнектіп, өмірлік ұстанымына әсер ететіндігін, яғни жан-жақты дамыған тұлға қалыптастырудағы қызметтің ғылыми-әдіснамалық тұрғыдан негіздеуімен, оны менгертудің әдістемелік жүйесін анықтауымен және Сыр бойы ақын-жыраулары поэзиясындағы дүниетанымдық мәнін, поэтикалық ерекшеліктерін ЖОО-да білім беру бағдарламаларына ендіру педагогтердің кәсіби

			маман ретінде қалыптасуын жүзеге асырудың теориялық-әдіснамалық қағидаларын белгілеуге ықпал ететіндігін экспериментарқылы дәлелдеуімен толық ашылған .
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жогары ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаган.	Докторанттың диссертациялық жұмысты өзі жазу деңгейі жогары . Зерттеудегі тұжырымдар мен нәтижелер соңғы жылдарда жарияланған ғылыми еңбектердегі қағидаларға негізделіп, ізденушінің өзіндік ғылыми пікірімен қорытылған. Зерттелуі тиіс маңызды мәселелер дұрыс шешімін тапқан. Ғылыми тұжырымдарын жүйелі түрде баяндаған, ғылыми стильді жетік менгерген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: 1) негізделген ; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Зерттеу тақырыбының өзектілігі негізделген . Диссертацияның өзектілігі тәуелсіз еліміздің төл әдебиетінің тағылымдық мәнін айқындастырын көркемдік шындық жаңа бағытта жаңа деңгейге көтеріліп отырған кезеңде қазақ әдебиетін оқытуда білімді, дүниетаным мен тәрбиені сабактастыра отырып, жогары мектепте оқытудың жаңа мүмкіндіктерін айқындаумен байланысты. Осы тұргыдан диссертациялық жұмысты казіргі дидактика саласындағы өзекті мәселені зерттеп-зарделеуде қосқан үлесі мол еңбек деп бағалауға болады. Себебі жогары оқу орындарында қазақ әдебиетін оқыту үдерісінде бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруды көркем шығармалардың дүниетанымдық, тәрбиелік мән-мағынасын сезінетіндей бағыттагы жұмыстарды ғылыми-теориялық және әдістемелік тұргыда негіздеу – өте қажетті мәселе.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындаиды: 1) айқындаиды ; 2) ішінара айқындаиды; 3) айқындаамайды.	Тулебаева Айдынгүл Тойбазаровнаның «Сыр бойы ақын-жыраулары поэзиясындағы философиялық дүниетаным және педагогикалық көзқарастар» тақырыбындағы диссертация мазмұны жұмыс тақырыбын айқындаиды . Диссидент тақырып аясында кешенді зерттеу жүргізіп, жан-жақты талдаулар жасаған. Зерттеудің ғылыми тұжырымдары мен қорытындылары тақырыпқа сәйкес дәйектелген. Зерттеуші өнірлік Сыр бойы ақын-жыраулары поэзиясындағы философиялық дүниетаным мен педагогикалық көзқарастардың тарихи және рухани тұрғыда негіздел, эстетикалық аспектілерін интерпретациялад, ақын-жыраулар өлеңдерінің жастаңын шығармашылық қабілетін дамытуға, бойларына адамгершілік тәрбиесін сіңіруге, әлеуметтік-мәдени құндылықтарды ұғындыруға қызмет ететіндігін дәйектеп, құндылыққа негізделген білім берудің әдістемелік жүйесін жаңғыртуудың жолдарын

		<p>кешенде түрде талдап, саралап, ғылыми-әдіснамалық негізін жүйелеп, анықтаған.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді. 	<p>Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толығымен сәйкес келеді. Ғылыми жұмыста Сыр бойы ақынжыраулары шығармаларындағы философиялық дүниетаным мен педагогикалық қозқарастарын зерделеу, оны болашақ филологтарға, казақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдеріне оқытуды ғылыми-теориялық тұрғыдан негізден және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері дәйектелген әдістемелік жүйесін ұсыну – зерттеудің негізгі мақсаты ретінде көрсетілген. Осылан сәйкес сыр сүлейлерінің шығармаларындағы сөз қасиетінің дәрежесін, сапасын, ұлттық кодты жан-жақты ашып беретін философиялық дүниетаным мен түжірымдарды талдай отырып, жыраулық поэзияның көркемдік ықпалы мен қоғамдық-әлеуметтік қырларының маңыздылығын айқындаған; олардың нақыл, факлия, өситет өлеңдеріндегі білімді ұлтты қалыптастырудың жолын көрсететін педагогикалық қозқарастарын нактылаған; Сыр бойы ақынжырауларының өлеңдеріндегі философиялық дүниетанымды зерделеу үшін өлеңтолғаулардың мазмұны мен пішініне, тіптен, лирикалық кейіпкер дүниетанымын да кеңінен талдаған. Соның негізінде диссидентант қазақ әдебиетінің тарихындағы аса бір айтулы мұра, тот баспас асыл, ағынды да, арналы сала – жыраулар поэзиясы, оның ішінде сыр сүлейлері шығармаларын халқымызға тән рухани қазынаны, дүниетанымды, тәлім-тәрбиені келешек үрпаққа жеткізетін феномен ретінде дәлелден, жоғары мектепте Сыр бойы ақынжыраулары поэзиясын оқытуда пайдаланылатын педагогикалық технологияларды саралау арқылы оқытудың ұстанымдары мен тиімді әдістерін жүйелеген, «Сыр өніріндегі ақындық дәстүр» элективті курсының оқу-әдістемелік кешенін жасап, тәжірибелік-эксперименттік жұмыста оның тиімділігін дәлелдеген. Зерттеу жұмысының мақсат-міндеті диссертация тақырыбына сәйкес келеді әрі жұмысты жазу барысында зерттеуші мақсат-міндетіне толық қол жеткізген.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық белімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ. 	<p>Диссертацияның барлық белімдері мен құрылышы логикалық тұрғыдан бір-бірімен өзара толық байланысқан. Зерттеу үш бөлімен тұрады: бірінші бөлімі сыр бойы ақындарының шығармаларындағы философиялық дүниетаным көрінісі және педагогикалық негіздері қарастырылып, олардың қоғам, өмір және жаратылыс</p>

		<p>такырыптарына қатысты ой-пікірлері талданған. Сыр бойы ақын-жыраулары шығармаларындағы азаматтық, құқықтық, полимәдениеттік, адамгершілік, эстетикалық, еңбек, өзін-өзі тану секілді тәрбие бағыттарының тәрбиелік мәнін зерделеген. Екінші бөлімде Сыр сүлейлері шығармашылығындағы философиялық, педагогикалық ойлардың эстетикалық аспектілері, ақындардың эпикалық туындылары қазақ халқының рухани мәдениетін дамытуын, адамгершілік, тәрбие және ұлттық бірегейлікті нығайтудағы рөлі, жеке тұлғаның моральдық және рухани қалыптасуына, ұлттық құндылықтарды сактау мен дамытуға ықпалы, жастарға өмірлік жол көрсететін ұлы мұра екендігі дәлелденген, үшінші тарауда Сыр бойы ақын-жыраулары шығармаларын оқытудың ғылыми-әдістемелік жүйесінің тәжірибеде тиімділігі дәлелденген. Диссертациялық еңбектің бөлімдері арасында бірізділік, логикалық байланыс сақталған. Алынған нәтижелер автордың корытындыларымен бірге диссертацияда қойылған мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді. Бұдан зерттеудің біртұастығы анық байқалады.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінәра жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.</p>	<p>Зерттеу нысаны Сыр бойы ақын-жыраулары мұраларын жоғары оқу орындарында оқыту үдерісі болып нақтыланған. Диссертациялық зерттеуде ұсынылған жаңа шешімдер, қағидаттар мен әдістер теориялық, тәжірибелік зерттеу нәтижелерімен, корытындыларымен дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып, бағаланған. Автор ұсынған жаңа шешімдерде сыни талдау бар. Ұлттық философияның тұжырымдары мен ой қазығының негізі жыраулар поэзиясынан бастау алатындығы жайындағы зерттеушілер пікірін сөз ете келіп, А.Т.Тулебаева «ұлттық философия мен жыраулық поэзияны бір-бірінен бөле-жара қарай алмаймыз. Ендеше, ақын-жыраулар поэзиясындағы философиялық дүниетаным мәселесінің әдебиеттану ғылымында зерттеу нысанына айналуы да орынды. Ұлттық философия мен жыраулық поэзияның көркемдік ықпалы, қоғамдық-әлеуметтік қырлары барлық уақытта да маңыздылығымен айқындалады» (13-б.) деген тұжырым жасайды. Сонымен қатар зерттеуші әдебиеттің терең тарихында «Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашқарі, К.Иассауи, Абайдан бастап қазіргі қазақ поэзиясына дейінгі аралықта ұрпақ тәрбиесіне, адам өміріндегі білім мен ғылымның маңызына көңіл бөліп, ой білдірмеген сөз зергерлерін кездестіре</p>

			алмаймыз», - дей келіп, «қазақ әдебиеті дамуының басты көркемдік-эстетикалық бағыты – педагогикалық-дидактикалық әдебиет болып табылады. Адамгершілік пен имандылық тәрбиесінің маңызды құралы ретінде поэзияның рухани мақсаты оның дидактикалық тереңдігі арқылы үрпақты тәрбиелеу болды. Сөз өнері мұралары – философия мен педагогиканың негізгі қайнар көзі»(38-б.),-деп дәйектеген. Диссертанттың сини талдаулары мен тұжырымдарын жұмыстың құнды жақтары ретінде жоғары бағалауга болады.
5.	Фылыми жаңашылдық принципі	5.1 Фылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеу жұмысында жаңашылдық қағидаттары сакталған. Фылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа болып табылады. Осы кезеңге дейін қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінде Сыр бойы ақын-жырауларының шығармаларындағы философиялық таным мен ағартушылық-педагогикалық көзқарастарымәселесі арнайы зерттелмеген еді. Осымен байланысты Тулебаева Айдынгүл Тойбазаровнаның «Сыр бойы ақын-жыраулары поэзиясындағы философиялық дүниетаным және педагогикалық көзқарастар» тақырыбындағы зерттеу жұмысы – осы саладағы алғашқы енбек. Зерттеудің жаңашылдық сипаты жоғары мектепте білім алушылардың адамзаттық құндылықтарды ұлттықтайдын, жеке тұлғаның адамгершілік қасиеттерін дамытуға ықпал ететін және ұлттық рухани байлықты сақтауга бағытталған ұлы мұраның құндылық бағдарын ажыратса алғашқын дағдыларын қалыптастыра отырып, қазақ әдебиетін оқытудың фылыми-әдіснамалық негіздерінің саралануынан, қазақ әдебиетінен, оның ішінде сыр сүлейлері шығармаларынан берілетін білім мазмұнының талданып, салыстырмалы талдаулар жасалуынан, өлкелік ақындар шығармашылығындағы философиялық таным мәселесін, үрпақ тәрбиесінде, жан-жақты дамыған тұлға қалыптастырудың рөлін танытудың әдістемелік жүйесінің ұсынылуынан көрініс табады.
		5.2 Диссертацияның корытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	5.2 Зерттеу жұмысының қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Диссертациялық жұмыста Сыр бойы ақын-жыраулары поэзиясының мазмұнында көрініс тапқан осы өнірге тән поэтикалық ерекшеліктерді талдап көрсетуі, олардың шығармаларындағы философиялық дүниетаным мен білімді ұлт қалыптастырудың педагогикалық жолдарын айқындауы, Сыр бойы ақын-жырауларының шығармашылығын ЖКОО-да оқыту болашак филологтар, қазақ тілі

		<p>мен әдебиеті мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамытуға әсерін тигизетіндігі және білім алушыларға ұлттық рухани құндылықтарды қадірлай білуге үйрететін көркемдік қуаты, тағылымдық тәлімін талдаудың үлгілері берілген. Ақынжыраулардың поэзиялық шығармаларын ұлттық дүниетаным, педагогикалық көзқарастар негізінде оқыту білім берудің жаңа парадигмалары аясында алғаш рет жан-жақты қарастырылып, әдістемелік жүйесі ұсынылған. Сыр сүлейлерінің туындыларын жоғары мектепте оқытудың жаңа технологиялары, әдістері нақтыланған және ақын-жыраулар поэзиясын оқытуға арналып әзірленген «Сыр өніріндегі ақындық дәстүр» атты элективті курс бағдарламасы зерттеудің практикалық бағытын, тәжірибелік маңызын арттыра туседі. Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орнындағы казак әдебиетінің кезеңдері және қазак әдебиетін оқытудың әдістемесі курсының дәрістері мен семинарларында көмекші оқу құралы ретінде пайдалануға болады. Зерттеу корытындылары жұмыстың нәтижесі ретінде жоғары бағалауға лайықты.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Зерттеуде көрсетілген мақсат-міндеттерді шешу барысында қолданылған техникалық, технологиялық, экономикалық басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген. Диссертациялық жұмыстың базалық тұжырымдарын айқындауда ұлттық философия мен көркем әдебиет, ақын-жыраулар поэзиясындағы ағартушылық ой-саны ұлттық тәрбиеге бағыт беріп, ұрпак тәрбиесіне елеулі ықпал ететіндігі туралы ілімдер дүниетаным, тұлға мәдениеті мен болмысы жайлышпайымдаулар және әдістемелік зерттеу енбектеріндегі әдебиетті оқытуға байланысты жаңа әдістемелік жүйе негіз болған. Зерттеуші аталған күрделі мәселелерді жан-жақты талдап, көздеген мақсатына жеткен.</p>
6.	Негізгі корытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі корытындыларғылыми тұрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p> <p>Диссертант тарапынан ұсынылған тұжырымдар мен ұсыныстар, жұмыстың ғылыми жаңалығы, Сыр бойы ақын-жыраулары шығармаларын жоғары мектепте оқыту арқылы болашақ филологтар, қазак тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға арналған оқу-әдістемелік жүйе дайындалып, эксперименттен өткізілуі барысында алынған нәтижелер, ғылыми деректер, отандық және шетелдік ғалымдардың жұмыстарымен салыстырган талдаулар мен корытындылары ауқымды дәлелдемелер арқылы негізделгендің көрсетеді.</p>

7.	<p>Қоргауга шығарылған негізгі ережелер</p>	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) кең <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Макалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда макаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 	<p>7.1 Зерттеу жұмысында басты қағидаттар дәлелденген.</p> <p>7.2 Диссертациядағы дәлелдер мен ғылыми шешімдер тривиалды емес.</p> <p>7.3 Көрсетілген қағидаттар жаңа.</p> <p>7.4 Қағидаттардың қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Зерттеу барысында 20 ғылыми еңбек жарияланып, нәтижелерінің тиімділігі тәжірибеден өтіп, дәлелденген. Оның ішінде: Scopus деректер қорына енетін жарияланымда – 1, Оку құралы – 1, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда – 13, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында 5 макала жарық көрген. Барлық жарияланымдар зерттеу жұмысының тақырыбына сәйкес келеді.</p>
8.	<p>Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ. <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін қолданған. Зерттеудің ғылыми-теориялық және әдіснамалық негіздерін айқындау барысында салыстырмалы-тарихи, объективті-аналитикалық, ой корыту, жалпылау әдістері, экспериментті ұйымдастыру кезінде бақылау, сауалнама, әнгімелесу, тестілеу, диагностикалық әдістер,</p>	<p>Иә, зерттеу жұмысының әдіснамасы негізделген. Диссертациялық жұмыста ұсынылған дереккөздер тақырыпты зерттеуге сәйкес келеді, ақпараттың дәйектілігі шынайы. Сыр бойы ақын-жыраулары поэзиясы аясында ұлттық құндылықтарды білім мазмұнмен үйлесімді өтіп мемлекеттік жаңаша әдістемелік жүйесі әзірленген.</p> <p>Иә. Зерттеу барысында ізденуші компьютерлік технологияны қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін қолданған. Зерттеудің ғылыми-теориялық және әдіснамалық негіздерін айқындау барысында салыстырмалы-тарихи, объективті-аналитикалық, ой корыту, жалпылау әдістері, экспериментті ұйымдастыру кезінде бақылау, сауалнама, әнгімелесу, тестілеу, диагностикалық әдістер,</p>

			зерттеу бойынша алынған нәтижелерді өңдеу кезінде математикалық-статистикалық әдістер колданылған. Зерттеу жұмысында берілген концептуалдық кестелер мен суреттер, сыйбалар, интернет-ресурстар, диаграммаларды қолдану диссертацияның құрылымдық-мазмұндық құндылығын арттырған. Тәжірибе кезеңіндегі жұмыстар сапалық, сандық көрсеткіштермен толық безендірілген.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылыктар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	Иә. Қорғауға ұсынылған диссертациядағы теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. ЖОО-да Сыр өнірі ақын-жыраулары поэзиясын оқытудың шарттары анықталып, педагогикалық эксперимент негізінде сынақтан өткізілген. Эксперименттік жұмыстар, негізінен, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 6B01721(5B011700)-«Қазақ тілі мен әдебиеті», 6B02336 (5B020500) - «Филология» мамандықтарында жүргізілген.	
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаган.	Диссертациядағы маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Дереккөздер күмән тудырмайды.	
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті/жеткіліксіз.	Диссертациядағы пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті. Зерттеу жұмысы тақырыпқа сәйкес жоғары оқу орындарында казак әдебиетін оқытуға байланысты нормативтік құжаттарды, XIX-XX ғасырлардағы қазак әдебиетін зерттеген отандық және шетелдік әдебиеттанушы ғалымдардың, қазақ әдебиетін ЖОО-да оқытуға байланысты әдіскер-ғалымдардың зерттеу енбектерін, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді қамтиды. Зерттеу бойынша қолданылған әдебиет саны -161.	
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Иә. Диссертацияның теориялық маңызы бар. Зерттеу барысында қол жеткізген ғылыми-әдістемелік тұжырымдар дидактика, тәрбие теориясына, заман талабына сай казак әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымын жетілдіруге үлес қосады. Диссертациялық жұмыстың материалдары мен нәтижелерін, «Сыр өніріндегі ақындық дәстүр» элективті курсының оқу-әдістемелік кешенін жоғары оқу орындарында пайдалануға болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану	Иә. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеудің басты практикалық маңызы – білім беру мазмұнын

		<p>мүмкіндігі жогары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) иля; 2) жок. 	<p>анықтауда, оқу бағдарламалары мен окулықтар әзірлеуде. Сонымен қатар зерттеу нәтижелерін жогары білім беру жүйесінде оқу-тәрбие ісінде, болашақ қазақ тілі мен әдебиетіні маманының кәсіби-әдістемелік біліктілігін арттыруда басшылыққа алуға болады.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). 	<p>Диссертациялық жұмыстағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады: Қазақ әдебиетін ЖКОО-да оқытуда болашақ филологтар мен қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің тұлғалық-құндылық бағдарларын қалыптастырудың әдістемелік жүйесі мен моделі ұсынылған; ақын-жыраулар поэзиясын оқытуға арналған элективті курсының оқу-әдістемелік кешені дайындалып, эксперименттен өткізілген.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен. 	<p>Зерттеушінің академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде. Зерттеу жұмыстарына қойылатын талаптар толығымен орындалған. Емле, тыныс белгілері бойынша кателер кездеспейді, техникалық талаптар сақталған.</p>
11.	Диссертацияга ескертулер		<p>1. Зерттеудегі талданған, ұсынылған электив курсынң бағдарламасын диссертацияга қосымша түрінде берген жөн болар еді;</p> <p>2. Диссертациялық жұмыста бірді-екілі емле, тыныс белгілерінен кателер кездеседі;</p> <p>Ұсыныстар диссертациялық жұмыстың құндылығын төмендетпейді.</p>
12.	Докторант макалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация макалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		<p>1. «Шораяқтың Омары дастандарындағы адамгершілік, имандылық мәселесі». Қазақстанның ғылымы мен өмірі. №4(61) 2018. – Б. 64-68.</p> <p>Мақалада Шораяқтың Омарының философиялық, халықтық педагогикалық көзқарастармен жазылған «Жарлы Тәліп», «Қарашекпен», «Маймыл» дастандарындағы адамгершілік, имандылық, алаш ұлқыздарының азаматтық-отаншылдық ұстаным тағылымы талданған. Мақала зерттеудің өзекті мәселелерін қамтиды.</p> <p>2. «Сыр бойы ақын-жыраулары поэзиясындағы дүниетаным». Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы, №1(71), 2020. – Б. 471-477.</p> <p>Мақалада Сыр бойы ақын-жырауларының философиялық дүниетаным және педагогикалық көзқарастары Тұрмағамбет Ізтілеуов, Базар Ондасұлының поэзиясы желісінде талқыланған.</p> <p>3. «Philosophical worldview and pedagogical thoughts in the poetry of poetzhiraus in Syrdarya</p>

		<p>region» (Сыр өнірі ақын-жыраулары поэзиясындағы философиялық дүниетаным және педагогикалық ой-пікірлер). Л.Н. Гумилев атындағы ЕҮУ Хабаршысы. Филология сериясы. №1(142)/2023. – Б. 192-198. https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-142-1-192-198</p> <p>Мақалада Сыр өнірі ақын-жырауларының нақыл, ғақлия, өсімет өлеңдерінде білімді ұлттық қалыптастырудың жолын көрсететін педагогикалық көзқарастары талданған.</p> <p>4. «Pedagogical views in T.Iztileuuly's instructive and propaganda verses» (Т.Ізділеуұлының гибрат, насхат өлеңдеріндегі педагогикалық көзқарастар). Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. Педагогика. Психология. Әлеуметтану сериясы. №1(142)/2023. – Б. 269-283. https://doi.org/10.32523/2616-6895-2023-142-1-269-283</p> <p>Мақалада Сыр сүлейі, ақын Тұрмагамбет Ізділеуұлының гибрат, насхат өлеңдеріндегі педагогикалық көзқарастарына жан-жақты талдаулар жасалған.</p> <p>5. «Сыр сүлейлерінің (Тұрмагамбет, Жұсіп, Омар) мысал өлеңдеріндегі Шығыстық дәстүр». Л.Н.Гумилев атындағы ЕҮУ Хабаршысы. Филология сериясы. №4(145)/2023. – Б. 121-131. https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-145-4-121-131</p> <p>Мақалада ақын-жыраулардың шығыстық сюжетке құрылған шығармаларындағы дүниетанымы дәйектемелер келтіріле талданған.</p> <p>6. «Сыр өнірі ақындары поэзиясындағы философиялық-дидактикалық сарындар мен педагогикалық көзқарастар (Жұсіп Ешніязұлы шығармалары негізінде)» «Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы» РКБ «Халық»ЖҚ Хабаршысы. №1 (2024) 407 том, – Б. 324-336. https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.676</p> <p>Мақалада дидактикалық поэзия дәстүрінің көрнекті тұлғасы Жұсіп Ешніязұлының лирикалық өлеңдеріндегі философиялық-дидактикалық сарындар кеңінен талданған.</p>
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	8D017-Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау 8D01721 (6D011700) - Қазақ тілі мен әдебиеті) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған Тулебаева Айдынгул

		<p>Тойбазаровианың «Сыр бойы ақын-жыраулары поэзиясындағы философиялық дүниетаным және педагогикалық козкарастар» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы зерттеу жұмысына койылатын барлық талаптарға сай келетінін негізге ала отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін беруге толық лайықты деп санаймын.</p>
--	--	---

Ресми рецензент:

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, педагогика ғылымдарының докторы, профессор

